

”КӘСІПОРЫННЫҢ ЕҢБЕК РЕСУРСЫ. ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ”
ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУ, САБАҚҚА
БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУ - 40 БАЛЛ

1 бөлім «Кубизм» - деп аталып, келесі сұрақтарға жауап беру:

1. Кәсіпорында жұмысшылардың қажетті санын қандай әдістермен анықтайды?
2. Қызметкерлердің тізімдік құрамы және келу құрамы дегеніміз не?
3. Еңбек өнімділігі дегеніміз не? Толық сипаттама беріңіз
4. Еңбек сыйымдылығы дегеніміз не? Қалай есептейміз?
5. Еңбек сыйымдылығы көрсеткішінің қандай түрлері бар?
6. Еңбек өнімділігінің жалпы түрдегі формуласы қандай?
7. Еңбек өнімділігін өлшеу әдістерін атаңыз
8. Еңбек өнімділігін өлшеудің натуралдық әдісін түсіндіріңіз
9. Еңбек өнімділігінің құндық әдісін сипаттаңыз.
10. Еңбек өнімділігінің еңбек әдісін сипаттаңыз.
11. Кәсіпорын өнімділігін арттырудың жолдары қандай? Сіздің ой-пікіріңіз
12. Еңбек ресурсын нормалауда қолданылатын нормалар түрлері қандай? Атап өтіңіз

Ескерту: студентке осы сұрақтардың кез келгені қойылады, әр адамнан 1-2-3 сұраққа жауап алынады. (10 балл)

2 бөлім. Тақтаға есептер шығару жарысы:

1. Кәсіпорынның қызметкерлер саны 250 адам, бір тәуліктегі түскен табыс көлемі 300 мың тенге болса, еңбек өнімділігін есептеңіз.
2. Жұмысшылар саны 800 адам 6500 тонна өнім өндірген. Әр тонна бағасы 300 тенге болса еңбек өнімділігі құндық өлшемде неге тең?
3. Еңбек өнімділігінің өсуі пайызын анықтаңыз, егер зауыт базалық жылда өнімді 2,1 млн тенгеге өндіргені белгілі болса және өнім шығару 7% өссе, жұмысшылар саны 1300 адамнан есептік жылда 50-адамға қысқарса.
4. Қызмет көрсету нормасы 20 станок болатын өндірістік жұмысшылардың жұмысқа келу санын анықтау керек, егер цехта екі ауысымда жұмыс істейтін 180 станок орнатылса.
5. Кәсіпорында өнім шығаруды 20 % өсіру жоспарланса және еңбек өнімділігі 25% өсуі тиіс болса, жұмысшылар санының өзгерісін пайызбен анықтаңыз.

6. Жұмысшы 8 сағат ішінде 56 өнім жасап шығарған. Норма бойынша 50 дана тағайындалған болатын. Бір дана өнім өндіруге кететін еңбек сыйымдылығы пайыз бойынша қалай өзгереді? Қорытынды беріңіз.

7. Егер өндірісте өнім шығаруды 5 % арттыру жоспарланса және жұмысшылар саны 1,5% өсуі тиіс болса, еңбек өнімділігі өзгерісін анықтаңыз.

8. Өндірісте 2 сменадағы жұмыс кезінде, егер қызмет көрсету орын саны 368 тең, қызмет көрсету нормасы –16 болса, көмекші жұмысшылардың санын есептеңіз.

Ескерту: 2-бөлімде Студент барлық есептерді дәптерге шығарып, дайындықпен келеді. Осы есептерді студенттер бір-бірден шығып, тақтаға жазып көрсетеді. Есепті тақтаға дұрыс шығарған студент бағаланады. (15балл)

3 бөлім. Бизнес идеялар жарысы. (15 балл)

Студент өз бизнес жобасының презентациясын қорғайды. Көрнекі слайдтар дайындап, ноутбукпен келу қажет! *Бизнес-идеяларға қойылатын негізгі критерийлер:*

- ✓ бәсекегеқабілеттілік, инновациялық сипатта болу, жаңашылдығы;
- ✓ іске асуының мүмкіндігі, сұраныстың талдануы;
- ✓ инвестиция көлемінің негізделуі;
- ✓ әлеуметтік маңыздылығы, жаңа жұмыс орын саны.
- ✓ SWOT-талдауы
- ✓ Тәуекел дәрежесін бағалау(риск, оны жою жолдары)

САБАҚҚА ТОЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСҚАН СТУДЕНТ 40 БАЛЛҒА ДЕЙІН БАҒАЛАНАДЫ.